

**Ақмола облысы білім басқармасының «Степногорск қаласы,
дарынды балаларға арналған №4 «Болашақ» облыстық мамандандырылған
мектеп-интернаты» КММ**

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагог қызметкерлерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларын бекіту туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 22.11.2021 №432 және 19.11.2021 №568 ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес, мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін бос лауазымға тағайындау үшін **КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ.**

Қатысу үшін нақты Ереженің 107 пунктінде көрсетілген құжаттар тізімін ұсынған және типтік квалификациялық мінездемелерге сай педагогтер шақырылады.

Бос лауазымдар:

- 1) математика пәнінің мұғалімі (қазақ тілінде оқитын сыныптар үшін) - 1,5 ставка;
- 2) тарих пәнінің мұғалімі (қазақ тілінде оқитын сыныптар үшін) - 1 ставка;
- 3) география пәнінің мұғалімі (орыс тілінде оқитын сыныптар үшін) – 6 сағат;
- 4) химия пәнінің мұғалімі (орыс тілінде оқитын сыныптар үшін) - 5 сағат;
- 5) ағылшын тілі пәнінің мұғалімі (орыс тілінде оқитын сыныптар үшін) – 5 сағат;

Мұғалімнің лауазымдық міндеттері:

Өз пәні бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім беру. Оқушылардың бойында жалпы мәдениетті қалыптастыру және жеке мүмкіндіктерін ашу және қалыптастыру. Сабақ барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану. Күнтізбелік және қысқа мерзімді жоспар құру. Білім беру процесінде инновациялық, жаңашыл технологияларды енгізу. Оқушылардың бойында жалпыға міндетті білім беру стандартында көрсетілген ең төменгі мөлшерден жоғары, білім, білік, дағдыларды қалыптастыру. Әдістемелік бірлестік жұмыстарына қатысу. Өзінің біліктілігін жүйелі түрде жетілдіріп отыру. Білім беру процесінде білім алушылардың өмірін және денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету. Білім алушылардың ата-аналарымен немесе асыраушыларымен қарым-қатынаста болу. Мектеп мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Әрқашан есеп беру қызметіне дайын болу және қамтамасыз ету.

Кандидат білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Кодексі, Білім туралы заңы, «ҚР Тіл туралы заңы», «Бала құқығы туралы заң», «Арнайы әлеуметтік қызмет заңы» және басқа да нормативтік-құқықтық актілер

Конкурстың өткізілу уақыты:

- 1) **2022 жылғы 3-11 тамыз аралығындағы кезең** - Интернет ресурстарда хабарландыру жариялау;
 - 2) **2022 жылғы 3-11 тамыз аралығындағы кезең** - құжаттарды қабылдау
 - 3) **2022 жылғы 12-18 тамыз аралығында** - кандидаттардың құжаттарының біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау және конкурс қорытындыларын шығару.
- Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде электрондық немесе қағаз түрінде келесі мекен-жай бойынша жолдайды:

Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 4 шағынаудан, 135 ғимарат, email: bolashak_uch@inbox.ru.

Конкурсақа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1. осы қағидаларға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттар тізбесін көрсете отырып, Конкурсақа қатысу туралы өтініш;
2. жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат;
3. толтырылған жеке іс –парағы;
4. білім туралы құжаттарының көшірмесі;
5. еңбек қызметін растайтын құжат көшірмесі;
6. денсаулық жағдайы туралы анықтама;
7. психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
8. наркологиялық ұйымнан анықтама;
9. Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты немесе біліктілік санатының болуы туралы куәлік;
10. 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.

Ескерту! Нақты Ереженің 107 пунктіне сәйкес бір құжаттың жетіспеуі жағдайында, барлық құжаттар кандидатқа қайтарылады. Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап, 5 жұмыс күні аралығында педагогтердің бекітілген Типтік біліктілік талаптарына сай, кандидаттардың құжаттарын тексереді. Конкурстық комиссия кандидаттар құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес Бағалау парағында көрсетілген балдарды есептеуді жүзеге асырады. Конкурс қорытындылары бойынша шешімді конкурстық комиссия жинаған балл негізінде қарайды. Ең көп балл жинаған кандидат конкурстан өтті деп есептеледі және мемлекеттік білім беру ұйымға тағайындалуға ұсынылады. Кандидаттардың балл саны тең болған жағдайда, конкурстық комиссия әңгімелесу өткізу туралы шешім қабылдайды, нәтижесі бойынша қызметке тағайындауға кандидат айқындалады.

Конкурс нәтижесі білім беру ұйымының сайтында жарияланады:
<http://sc0022.stepnogorsk.aqmoedu.kz/>